

Бекітемін
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректор өкілі м.а.
_____ Н.Генч
« 26 » 09 2024 ж.



Бекітемін
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректоры
_____ Ж.Темірбекова
« 26 » 09 2024 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

УЕ-ХКТУ-083-2024

ДАЙЫНДЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕСІ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Академиялық департамент және Дайындық орталығымен **ӘЗІРЛЕНДІ**
ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ

2. Әзірлегендер — Академиялық департамент директоры А.Бостанова
Академиялық департамент директорының
орынбасары Н.Гүмүш
— Дайындық орталығының директоры А.Зөхре
— Дайындық орталығы директорының оқу ісі жөніндегі
орынбасары Б.Айтбаев

3. Келісілді — Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова
— Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры
А.Ошибаева
— Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының
басшысы С.Кырыкбаева
— Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов

Енгізілді — 2024 ж.

Тексеру мерзімі — 2026 ж.

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Түркістан, 2024 ж.

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті
Сапа менеджментінің жүйесі
№ <u>216</u> ЖҰМЫС ДАНАСЫ
« 07 » 10 2024 ж.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-083-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Дайындық орталығы	
Дайындық орталығының оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі		12 беттің 2-беті

МАЗМҰНЫ

1. Мақсаты	3
2. Қолданылуы саласы	3
3. Нормативті сілтемелер	3
4. Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	3
5. Тіл үйренушілер статусы	4
6. Оқу жұмыстарын ұйымдастыру	6
7. Емтихан және бағалау	8
8. Ағымды бақылауды сәтті тапсырған тыңдаушылардың факультет мамандықтарына орналастырылуы	8
9. Сабаққа қатысу міндеті	9
10. Оқудан шығару	9
11. Ережеде қарастырылған жайттар	10
12. Өзгерістерді енгізу тәртібі	10
13. Келісу, сақтау және тарату	10
14. Қосымшалар:	
а) Танысу парағы	11
ә) Өзгерістерді тіркеу парағы	12

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-083-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Дайындық орталығы	
Дайындық орталығының оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі		12 беттің 3-беті

1. Мақсаты

1.1. Бұл ереженің мақсаты – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Дайындық орталығының оқу үдерісін ұйымдастыру бағдарламаларының жасалуы, емтихан қабылдау және бағалау жүйесі, оқудан шығару туралы мәселелерге қатысты тәсілдер мен негіздерді реттеу болып табылады.

2. Қолданылу саласы

2.1. Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Дайындық орталығында білім алатын тыңдаушылардың оқу үдерісін ұйымдастыру мәселеріне, оқу бағдарламаларының жасалуына, емтихан қабылдау және бағалау жүйесіне, оқудан шығарылуына қатысты ережелерді қамтиды.

2.2. Бұл ереже Дайындық орталығында білім алатын тыңдаушылардың оқу үдерісін ұйымдастыру мәселелеріне, оқу бағдарламаларының жасалуына, емтихан қабылдау және бағалау жүйесіне, оқудан шығарылуына қатысты негізгі құжат болып табылады.

2.3. УЕ-ХҚТУ-083-2024 ережесі университет СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

3. Нормативтік сілтемелер

Университетінің осы ережесінде келесі нормативтік құжаттарға сілтеме жасалған:

- Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдегі №319 «Білім туралы» заңы (ҚР 04.07.2018 №171-VI Заңымен толықтырылған);
- «Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы №554 бұйрығы;
- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Жарғысының 5-бабының «е» тармағы мен 10-бабы;
- Академиялық саясат;
- Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі;
- Студенттердің ішкі тәртіп сақтау ережесі
- ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжатталған ақпараттарды басқару;

4. Атаулар, анықтамалар және қысқартулар

Дайындық орталығының оқу үдерісін ұйымдастыру ережесінде төмендегі атаулар, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

Университет	– Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;
ҚР ҒЖЖБМ	– Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі;
Өкілетті Кеңес	– Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңесі;
Ректорат	– Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Ректораты;
ӨІОО	– Түркия Республикасының Өлшеу, іріктеу және орналастыру орталығы;
СІОЖ	– Түркия Республикасының Студент іріктеу және орналастыру жүйесі;
СРСО	– Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы;
СМЖ	– Сапа менеджменті жүйесі;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-083-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Дайындық орталығы	
Дайындық орталығының оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі		12 беттің 4-беті

ТТЕ	– Түркі тілдес елдер;
ҚГ	– Қазақстан гранты;
ТР	– Түркия Республикасы;
ТД	– Түркі дүниесі;
ТК	– Түркия квотасы;
ҚБ	– Қандас бауырлар;
АК	– Аттестаттау комиссиясы;
ҚА	– Қорытынды аттестаттау;
АА	– Аралық аттестаттау;
GRA	– Үлгерімнің орташа балы;
ҰБТ	– Ұлттық бірыңғай тестілеу.

Атаулар	Анықтама
Түркі тілдес елдер	Түркі тілдес елдер – ҚР ҒЖЖБМ тарапынан оқу шығындары мен ай сайынғы шәкіртақылары төленетін Түркия Республикасы және түркі тілдес елдер мен туыстас қауымдастықтардан келген тыңдаушылар контингенті;
Түркия квотасы	Түркия квотасы – Оқу шығындары Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан төленетін тыңдаушылар контингенті;
Қандас бауырлар	Қандас бауырлар – ҚР ҒЖЖБМ тарапынан оқу шығындары мен ай сайынғы шәкіртақылары төленетін ҚР азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тыңдаушылар контингенті;
Қазақстан гранты	Қазақстан гранты – ҚР ҒЖЖБМ тарапынан оқу шығындары мен ай сайынғы шәкіртақылары төленетін тілдік даярлық курсы тыңдаушыларының контингенті;
Орталық кеңесі	Орталық кеңесі – Директор және директор орынбасарлары мен бөлім басшыларынан құралған кеңесті білдіреді;
Тіл білімін жетілдіру курсы (Foundation)	Тіл білімін жетілдіру курсы (Foundation) – Түркия квотасы негізінде білім алатын ҚР азаматтары
Тілдік даярлық деңгейін арттыру курсы	Тілдік даярлық деңгейін арттыру курсы – Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындайтын ҚР азаматтары
Қорытынды аттестаттау	Қорытынды аттестаттау – тыңдаушылардың білім алу теориялық деңгейін, қалыптасқан кәсіптік құзіретін, кәсіптік міндеттерді орындауға даярлығын және олардың білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкестігін бағалау рәсімі;
Аралық аттестаттау	Аралық аттестаттау – тыңдаушының оқу жетістіктерін (білімі, икемділігі, дағды және құзыреті) әр деңгейден соң (A1, A2, B1) оқу пәнінің бағдарламасына сәйкес бағалау рәсімі;

5. Тіл үйренушілер статусы

5.1. Түркия Республикасынан қабылданған тыңдаушылар мен түркі тілдес елдер мен туыстас қауымдастықтардан келген тыңдаушылар, Тіл білімін жетілдіру курсына қабылданған тыңдаушылар жоғары оқу орындарында білімін жалғастыру үшін дайындалады. Өкілетті Кеңес тарапынан айқындалған контингентке Түркия Республикасынан қабылданған тыңдаушылар қазақ және орыс тілдерін, түркі тілдес елдер мен туыстас қауымдастықтардан қабылданған тыңдаушылар қазақ және түрік тілдерін,

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-083-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Дайындық орталығы	
Дайындық орталығының оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі		12 беттің 5-беті

Түркия квотасы негізінде Қазақстан Республикасынан Дайындық орталығының Тіл білімін жетілдіру курсына (Foundation) қабылданған тыңдаушылар ағылшын және түрік тілдерін үйренеді, ҚР азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тыңдаушылар мен тілдік даярлық деңгейін арттыру курсының тыңдаушылары Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындайтын пәндерді оқиды. Сондай-ақ тыңдаушылар оқу жылы барысында университет тарапынан жасалған жағдай-мүмкіндіктерін пайдаланады.

6. Оқу жұмыстарын ұйымдастыру

6.1. Дайындық орталығында оқу үдерісі қазан айының бірінші аптасында басталады. Дайындық орталығында білім алатын барлық тыңдаушыларға (ҚБ және ҚГ басқа) практикалық сабақтар жүргізіледі. Түркия Республикасынан келген тыңдаушылар үшін «Қазақ тілі A1, A2, B1», «Орыс тілі A1, A2, B1», түркі тілдес елдер мен туыстас қауымдастықтардан келген тыңдаушылар үшін «Қазақ тілі A1, A2, B1», «Түрік тілі A1, A2, B1», Тіл білімін жетілдіру курсы үшін «Түрік тілі A1, A2, B1», «Ағылшын тілі A1, A2, B1» пәндері жүргізіледі.

Деңгейі	Апта саны	Түркия Республикасынан келген тыңдаушылар үшін		Түркі тілдес елдер мен туыстас қауымдастықтардан келген тыңдаушылар үшін		Тіл білімін жетілдіру курсы үшін	
		Қазақ тілі	Орыс тілі	Қазақ тілі	Түрік тілі	Ағылшын тілі	Түрік тілі
		Сағат саны					
Бейіндік және деңгей өлшеу (емтихан) аптасы	1						
A1	10	200	160	200	160	160	200
Аралық аттестаттау	1						
Қысқы демалыс	2						
A2	10	200	160	200	160	160	200
Аралық аттестаттау	1						
B1	10	200	160	200	160	160	200
Аралық аттестаттау	1						
Барлығы	33	600	480	600	480	480	600
Жалпы		1080		1080		1080	

ҚР ҒжЖБМ тарапынан айқындалған контингентке қабылданған ҚР азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тыңдаушылар үшін міндетті компонент – оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, Қазақстан тарихы және таңдау компоненттері – биология, химия, физика, шетел тілі, география, дүниежүзі тарихы, қазақ әдебиеті, оқытудың қосымша түрлері – қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, дене шынықтыру, университет ішілік компонент – Ясауи тарихы мен ілімдері пәні оқытылады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-083-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Дайындық орталығы	
Дайындық орталығының оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі		12 беттің 6-беті

Дайындық орталығы	Пән коды	Пән атауы	Академиялық сағат б/ша	Кредит саны	Семестр
Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тыңдаушылар үшін	Жалпы міндетті модуль				
	OS 0102	Оқу сауаттылығы	300	10	I/II
	Мамандық бойынша элективті модуль				
	Bio 0104	Биология	300	10	I/II
	Geo 0105	География			
	Him 0106	Химия			
	BAT 0107	Дүниежүзі тарихы			
	KE 0108	Қазақ тілі			
	KA 0109	Қазақ әдебиеті			
	ShT 0110	Шетел тілі			
	Math 0111	Математика			
	Fiz 0112	Физика			
	QN 0113	Құқық негіздері			
	SH 0114	Шығармашылық			
	IN 0117	Информатика			
	Бейіндік бойынша элективті модуль				
	Him 0106	Химия	300	10	I/II
	Bio 0104	Биология			
	ShT 0110	Шетел тілі			
	KA 0109	Қазақ әдебиеті			
	KE 0108	Қазақ тілі			
	BAT 0107	Дүниежүзі тарихы			
	Fiz 0112	Физика			
	Math 0111	Математика			
	BAT 0107	Дүниежүзі тарихы			
	SH 0114	Шығармашылық			
	Math 0111	Математика			
Оқытудың қосымша түрлері					
QT 0115	Қазақ тілі	360	12	I/II	
KT 0101	Қазақстан тарихы	360	12	I/II	
	Университетішілік компонент				
	YaTI 1113	Ясауи тарихы және ілімі	180	6	I/II
		Барлығы	1800	60	

ҚР ҒЖЖБМ тарапынан айқындалған контингентке қабылданған Тілдік даярлық деңгейін арттыру курсы үшін міндетті компонент – Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, ағылшын тілі және таңдау компоненттері – биология, физика, химия, математика, университет ішілік компонент – Ясауи тарихы мен ілімдері пәні оқытылады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-083-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Дайындық орталығы	
Дайындық орталығының оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі		12 беттің 7-беті

Дайындық орталығы	Пән коды	Пән атауы	Академиялық сағат б/ша	Кредит саны	Семестр
Дайындық бөлімдерінде тілдік даярлық деңгейін арттыру курсы үшін	Жалпы міндетті модуль				
	KT 0101	Қазақстан тарихы	270	9	I/II
	OS 0102	Оқу сауаттылығы	270	9	I/II
	MathS 0103	Математикалық сауаттылық	270	9	I/II
	At 0104	Ағылшын тілі	270	9	I/II
	Мамандық бойынша элективті модуль				
	Bio 1105	Биология	270	9	I/II
	Fiz 0106	Физика			
	Бейіндік бойынша элективті модуль				
	Him 0107	Химия	270	9	I/II
	Math 0108	Математика			
	Университетішілік компонент				
	YaTI 1113	Ясауи тарихы және ілімі	180	6	I/II
		Барлығы	1800	60	

6.2. Тіл білімін жетілдіру курсы (ТК), Түркия Республикасынан келген тыңдаушылар (ТР), түркі тілдес елдер мен туыстас қауымдастықтардан келген тыңдаушылар үшін (ТД) оқу жылы 30 аптаны құрайды. Оқу аптасы – бірінші академиялық кезең (1-триместр) 10 апта және 1 аралық аттестаттау аптасы, қысқы демалыс 2 апта, екінші академиялық кезең (2-триместр) 10 апта және 1 аралық аттестаттау аптасы, үшінші академиялық кезең (3-триместр) 10 апта және 1 аралық аттестаттау аптасынан тұрады. Тіл білімін жетілдіру курсы (ТК), Түркия Республикасынан келген тыңдаушылар (ТР), түркі тілдес елдер мен туыстас қауымдастықтардан келген тыңдаушылар үшін бір академиялық сағат 45 минутқа тең. ҚР азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тыңдаушылар мен Тілдік даярлық деңгейін арттыру курсының тыңдаушылар үшін оқу жылы 36 аптаны құрайды. Оқу аптасы – бірінші академиялық кезең (1-семестр) 18 апта, екінші академиялық кезең (2-семестр) 18 апта және 1 қорытынды аттестаттау аптасынан тұрады. ҚР азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тыңдаушылар мен тілдік даярлық деңгейін арттыру курсының тыңдаушылар үшін бір академиялық сағат 50 минутқа тең.

6.3. Оқу үдерісі барысында тыңдаушыларға (ТК, ТР, ТД) әрбір академиялық кезеңнен кейін аралық аттестаттау жүргізіледі. Аралық аттестаттаудан қанағаттанарлықсыз ұпай алған тыңдаушыларға сол деңгейді тегін оқуға бір рет мүмкіндік беріледі және тапсыра алмаған деңгейді қайта оқиды. Дайындық орталығының тыңдаушылары оқу жылы барысында бір пәннен екінші рет қанағаттанарлықсыз ұпай алған жағдайда оқуды жалғастыра алмайды және тыңдаушыны оқудан шығару туралы ұсыныс беріледі. Бір рет қанағаттанарлықсыз ұпай алған тыңдаушы В1 деңгейін жазғы семестрде ақылы негізде оқи алады. В1 деңгейін аяқтап, сертификат алған тыңдаушылар конкурстық негізде тиісті ұпайына қарай таңдаған білім беру бағдарламасына орналастырылады. ҚР азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тыңдаушылар мен Тілдік даярлық деңгейін арттыру курсының тыңдаушылары оқу үдерісі барысында әрбір академиялық кезеңде 2 аралық бақылау (9 және 18 апта), жалпы 4 аралық бақылау және қорытынды аттестаттау тапсырады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-083-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Дайындық орталығы	
Дайындық орталығының оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі		12 беттің 8-беті

6.4. Тіл білімін жетілдіру курсы (ТК), Түркия Республикасынан келген тыңдаушылар (ТР), түркі тілдес елдер мен туыстас қауымдастықтардан келген тыңдаушылар үшін (ТД) пән бойынша қорытынды бағаны санау – тыңдаушы 3 аралық аттестаттаудың нәтижесі бойынша оң бағалар алу қажет. Қорытынды бағаны санау мына формула бойынша жүргізіледі: Қорытынды ұпай = $(AA1+AA2+AA3)/3$

6.5. Оқытушының басшылық етуімен тыңдаушының өзіндік жұмысы әр топқа жоспарланады;

6.6. Дайындық орталығының аудиториялық жұмыс көлемі әр пән бойынша практикалық сабақ – 60%, тыңдаушының өзіндік жұмысы – 40%, жалпы 100% тұрады.

6.7. Дайындық орталығын табысты аяқтаған Түркия Республикасынан келген (ТР) тыңдаушыларға қазақ тілі мен орыс тілі пәндері бойынша В1 деңгейде тіл меңгергені туралы, түркі тілдес елдер мен туыстас қауымдастықтардан келген (ТД) тыңдаушыларға қазақ тілі мен түрік тілі пәндері бойынша В1 деңгейде тіл меңгергені туралы, Тіл білімін жетілдіру курсы (ТК) табысты аяқтаған тыңдаушыларға түрік тілі мен ағылшын тілі пәндері бойынша В1 деңгейде тіл меңгергені туралы екі тілде жазылған сертификат беріледі.

6.8. ҚР азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тыңдаушылар (ҚБ) мен тілдік даярлығын жетілдіру курсының тыңдаушылары (ҚГ) жоғары оқу орнына қабылдау ҚР ҒжЖБМ кешенді тестілеудің нәтижесі бойынша берілген сертификаттағы баллдарға сәйкес мамандықтардың конкурстарына өтініш тапсырады.

7. Емтихан және бағалау

7.1. Дайындық орталығында аралық аттестаттау университеттің «Университетте білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі» басшылыққа алына отырып ұйымдастырылады. Аралық аттестаттауды өткізу үшін орталық тарапынан өкіммен арнайы комиссия құрылады.

7.2. Дайындық орталығын бітіргеннен кейін тыңдаушылар (ТК, ТР, ТД) аралық аттестаттау нәтижелері (GPA) бойынша 1-курсқа қабылданады. Елу ұпайдан кем жинаған тыңдаушы 1-курсқа қабылданбайды.

7.3. Оқудан шығарылған тыңдаушы келесі оқу жылында, Дайындық орталығына тыңдаушы ретінде ақылы негізде қайта оқуға мүмкіндігі бар.

8. Ағымды бақылауды сәтті тапсырған тыңдаушылардың факультет білім беру бағдарламаларына орналастырылуы

8.1. Дайындық орталығының қорытындысын сәтті тапсырған түркі тілдес елдер мен туыстас қауымдастықтардан келген тыңдаушылар орталықтың білім беру бағдарламасын таңдау құқығына ие болады. Түркиядан ӨІОО арқылы келген тыңдаушылар Түркиядан таңдау жасаған білім беру бағдарламасы бойынша орналастырылады. ТТЕ грант Түркия Республикасынан келген тыңдаушыларға 50%, ал түркі тілдес елдер мен туыстас қауымдастықтардан келген тыңдаушыларға 50% болып беріледі. Контингент толмаған жағдайда Өкілетті Кеңес шешімінде көрсетілген елдерге ауыстыруға болады.

8.2. Түркия Республикасынан басқа түркі тілдес елдер мен туыстас қауымдастықтардан келген тыңдаушыларды орналастыруда мына төмендегі негіздерге назар аударылады;

- Бірінші курсқа қабылданатын тыңдаушыларды орналастыру үшін білім беру бағдарламасы бойынша орын мөлшерін орналастыру комиссиясымен анықталып бекітіледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-083-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Дайындық орталығы	
Дайындық орталығының оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі		12 беттің 9-беті

- Бірінші курсқа қабылданатын тыңдаушылардың тиісті факультеттерге орналастырылуы, аралық аттестаттаудың орташа ұпай көрсеткіштері (GPA) назарға алына отырып, Ректораттың бекітуімен жүргізіледі. Егер тыңдаушының аралық аттестаттаудағы орташа ұпай көрсеткіштері (GPA) тең болған жағдайда, қазақ тілі пәнінің ұпайларына басымдық беріле отырып, үлгерімі жоғары тыңдаушыдан бастап орналастыру жүргізіледі. Тыңдаушылардың орналасатын білім беру бағдарламасы бойынша тамыз айының соңғы аптасында Орналастыру комиссиясы тарапынан жарияланады.

- Білім беру бағдарламасы бойынша бөлінген орын жеткіліксіздігіне байланысты, бірінші жасалған таңдауларына орналастырылмаған тыңдаушылар, орналастыру тәртібі мен ұпай көрсеткіштерінің ретіне қарай екінші және үшінші жасаған таңдауларына орналастырылады.

- Медицина және Стоматология факультеттеріне орналасу конкурсына қатысу үшін орташа көрсеткіш (GPA ұпай) 80 ұпайдан төмен болмауы керек.

8.3. Дайындық орталығында аралық аттестаттаулардан 50 не одан жоғары ұпай алған, бірақ ТТЕ грантынан тыс қалған тыңдаушылардың Өкілетті Кеңес басқармасының рұқсатымен оқу статусы белгілі болады.

8.4. Дайындық орталығының аралық аттестаттаулардан 50 не одан жоғары ұпай алған түркиялық тыңдаушылар өздеріне бөлінген ТТЕ гранты мөлшеріне қарай ӨІОО басқармасы тарапынан орналастырылған білім беру бағдарламасы бойынша білім алады.

8.5. Жоғарыда аталған негіз және тәртіптер бойынша орналастырылған тыңдаушылардың, одан кейін мамандық ауыстыру өтініш-талаптары қабылданбайды.

8.6. Дайындық орталығының қорытынды емтиханында 50 не одан жоғары ұпай алған Тіл білімін жетілдіру курсының (Foundation) тыңдаушылары Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің орналастыру комиссиясы тарапынан белгіленген білім беру бағдарламасы бойынша білімдерін жалғастыра алады.

8.7. Ақылы негізде оқуға қабылданған тыңдаушылар Дайындық орталығымен қоса барлық курстарды ақылы негізде оқиды. Тыңдаушылардың оқуға төлейтін төлемақысы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Ректорат тарапынан анықталады.

8.8. Дайындық орталығын табысты аяқтаған «ҚР азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тыңдаушылар (ҚБ) мен тілдік даярлығын жетілдіру курсының тыңдаушылары (ҚГ) Жоғары оқу орнына қабылдау ҚР ҒЖЖБМ министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы әзірлеген ҰБТ қатыстырылады және нәтижесі бойынша берілген сертификаттағы ұпайларға сәйкес білім беру бағдарламаларына тапсырылады. Мемлекет тарапынан жалпы бөлінетін гранттың екі пайызы (2%) бөлінеді.

9. Сабаққа қатысу міндеті

9.1. Тыңдаушылардың сабаққа қатысуы міндетті. Тыңдаушылардың сабаққа қатысуы пән оқытушысы тарапынан түгендеу парағына қол қойылу арқылы тексеріледі және ай сайынғы нәтижесі орталыққа беріліп отырады.

9.2. Дайындық орталығындағы тыңдаушының денсаулық жағдайына байланысты анықтамасы болған жағдайда да, сабақтан қалған сағаттары бағдарламадағы (жүктемедегі) жалпы сағаттардың 20%-нан аспауы тиіс (Анықтама болған жағдайда қалған сағат мөлшерінен кемітіледі). Денсаулық жағдайына байланысты берілген анықтамалар болғанымен (тыңдаушының теориялық деңгейі қалыптасқан кәсіптік құзыретін және білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкес болуы шарт) өтілген сабақтарды меңгеруі міндетін жоймайды.

9.3. Дайындық орталығындағы тыңдаушының сабақтан қалған (сабаққа келмеген) сағат мөлшері 20%-дан аспаған жағдайда, себепті немесе себепсіз қатыспаған (келмеген) әр сабағының (өтілген тақырыптардың) орнын оқытушының беретін тапсырмаларын орындау

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-083-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Дайындық орталығы	
Дайындық орталығының оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі		12 беттің 10-беті

арқылы толтырады. Сабаққа қатыспаған (келмеген) тыңдаушы үшін өтілген тақырыптар бойынша оқытушы тарапынан кеңес ұйымдастырылады.

10. Оқудан шығару

10.1. Дайындық орталығындағы тыңдаушыны оқудан шығаруға:

- академиялық үлгермеушілігі;
- академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін;
- университеттің Жарғысы мен ішкі тәртібін өрескел бұзғандығы үшін;
- білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде ақылы негіздегі оқу құнын төлемеген жағдайда;
- білім алушы қайтыс болған жағдайда, сондай-ақ сот шешімі бойынша хабар-ошарсыз кетті деп танылғанда;
- академиялық кезеңде (әрбір деңгейде) сабақтан қалған сағат мөлшері жалпы аудиториялық сағат саны 20%-дан асқан жағдайда оқудан шығарылады;
- өз еркімен.

10.2. Дайындық орталығының тыңдаушыларына денсаулық жағдайы бойынша академиялық демалыс берілмейді.

11. Ережеде қарастырылмаған жайттар

11.1. Ережеде қарастырылмаған жайттар Қазақстан заңдарына қарай реттеледі.

12. Өзгерістерді енгізу тәртібі

12.1. Университеттің осы ережесін басқару оған өзгерістер енгізу ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

12.2. СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу қағазында» тіркелуі тиіс (Қосымша – 1)

13. Келісу, сақтау және тарату

13.1. Осы университет ережесін талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

13.2. Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Дайындық орталығының директорына жүктеледі.

13.3. Университет ережесінің бақылау данасы СРСО-ға сақтауға беріледі.

КЕЛІСІЛДІ

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Э.Идрисова

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры

А.Ошибаева

Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы

С.Кырыкбаева

Заң бөлімінің басшысы

Г.Мусаханов

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2024-2025 оқу жылындағы Сенат мәжілісінің**

№2 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Түркістан қаласы

Сағат – 15:00

Сенат залы

26 қыркүйек 2024 жыл

Бейсенбі

Қатысқандар: Сенат мүшелері, Лингвистикалық орталық басшысы,
Дайындық орталығының директоры.

Күн тәртібінде:

2. Әртүрлі мәселелер:

2.10. «Дайындық орталағының оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі» және
2024-2025 оқу жылына арналған Дайындық орталығының академиялық
күнтізбесін ұсыну туралы *(Дайындық орталығының директоры А.Зәхре)*


Ашық дауыс беру нәтижесінде СЕНАТ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

2.10.1. 2024 жылы «Дайындық орталығының оқу үдерісін ұйымдастыру
ережесіне» толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін.

2.10.2. 2024-2025 оқу жылына арналған Дайындық орталығының
академиялық күнтізбесі бекітілсін.

**Сенат төрайымы
Сенат хатшысы**

**Ж.Темирбекова
А.Абибуллаева**



А. Абибуллаева

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2024-2025 оқу жылындағы Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің
№10 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Түркістан қаласы

22 мамыр 2025 жыл

Өткізілген орны: Сенат залы

Өткізілген уақыты: 2025 жыл 22 мамыр, сағат– 14:30

Қатысқандар – ОӘК мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

4. Әртүрлі мәселелер:

4.7 «Дайындық орталығының оқу үдерісін ұйымдастыру» ережесіне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы (Баяндамашы: *Дайындық орталығының директоры – З.Армахан*).

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

4.7 «Дайындық орталығының оқу үдерісін ұйымдастыру» ережесінің 8.2. тармағына төмендегідей толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін (Жауапты: *Дайындық орталығының директоры – З.Армахан*)

№	Қолданыстағы ереженің құрылымдық элементі (Тарауды / бөлімді көрсетіңіз)	Қолданыстағы редакция (қолданыстағы Ереженің көшірмесі) немесе ұсынылған тараудың болмауы (егер бұл тарау қазіргі уақытта ережеде болмаса, онда «болмаған» деген сөзбен белгілеңіз)	Ұсынылатын редакция / тұжырымдама	Ұсыныстың негіздемесі (құқықтық актілердің талаптары (атауы, бөлімі, тармағы және т.б. көрсету)
1.	8. Ағымды бақылауды сәтті тапсырған тыңдаушылардың факультет	болмаған	- Медицина және Стоматология факультеттеріне орналасу конкурсына қатысу үшін орташа көрсеткіш (GPA	Дайындық орталығының оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі, 01.07.2022 ж.


	білім беру бағдарламала рына орналастыры луы 8.2.		ұпай) 80 ұпайдан төмен болмауы керек.	
--	--	--	---	--

Оқу-әдістемелік комитет
төрайымы

Э.Қ.Идрисова

Оқу-әдістемелік комитет
хатшысы

И.Б. Усембаева



И.Б. Усембаева